

**Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына өмірлік қиын жағдай туындаған кезде көрсететін әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлерін бекіту туралы**

***Күші жойған***

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2014 жылғы 8 тамыздағы № 174 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 тамызда № 4006 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 290 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 14.01.2016 № 290 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Әйтеке би аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Өрт немесе табиғи зілзаланың кесірінен болған өмірлік қиын жағдаймен байланысты әлеуметтік көмектің шекті мөлшері қосымшаға, сәйкес бекітілсін.

2. Ай сайын:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық қызметтерді төлеу үшін сегіз мың теңге көлемінде қаржылай әлеуметтік көмек көрсетілсін;

2) "Әйтеке би аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұсынған тізімдерге сәйкес үйден оқытылатын және тәрбиеленетін мүгедек балаларға үш мың теңге көлемінде қаржылай әлеуметтік көмек көрсетілсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 12.05.2015 № 236 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат сессиясының  
төрағасы, мәслихат хатшысы:*

*А.Ермағамбет*

## **Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына өмірлік қиын жағдай туындаған кезде көрсететін әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері**

Өрт немесе табиғи зілзаланың салдарынан болған өмірлік қиын жағдайлар туындағанда немесе залал келтірілгендерге әлеуметтік көмек келесі санаттағы адамдарға көрсетіледі:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне шекті деңгейінде 150,0 мың теңге;

жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына теңестірілген адамдарға шекті деңгейінде 100,0 мың теңге;

жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілген адамдарға шекті деңгейінде 100,0 мың теңге;

жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғыс қатысушыларына теңестірілген адамдардан басқа санаттарына шекті деңгейінде 80,0 мың теңге;

зейнеткерлік жасқа жеткен адамдарға шекті деңгейінде 60,0 мың теңге;  
мүгедектерге, оның ішінде 18 жасқа дейінгі мүгедек баланы тәрбиелеп отырған адамдарға шекті деңгейінде 60,0 мың теңге;

саяси қуғын-сүргін құрбандарына, саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен адамдарға шекті деңгейінде 50,0 мың теңге;

көп балалы отбасыларға шекті деңгейінде 60,0 мың теңге;

жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, балалар үйінің түлектеріне шекті деңгейінде 60,0 мың теңге;

аз қамтылған адамдарға шекті деңгейінде 60,0 мың теңге;

онкологиялық аурулары бар, ҚТВ инфекциясын жұқтырғандарға және туберкулездің әртүрлі түрлерімен ауыратын азаматтарға шекті деңгейінде 80,0 мың теңге.